

2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қазанда № 33501 болып тіркелді

«Білім туралы» Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырда аяқталсын.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көш 1, тел: 73-2-00
030900, Актобинская область, Уилский район, село Каракемер, ул. Ынтымақтастық 1, тел: 73-2-00
e-mail: karakemer.mbb@mail.ru

Бұйрық №29н/к

23 мамыр 2024 жыл
Қаракемер ауылы

2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304, 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96, 2024 жылғы 13 мамырдағы №103, Ойыл ауданының білім бөлімінің 2024 жылғы 21 мамырдағы №319 бұйрықтарына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қаракемер мектеп-балабақшасында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қаракемер мектеп-балабақшасында оқу сабақтары 2024 жылғы 24 мамырда аяқталсын.
- 2) Қорытынды аттестаттауды бекітілген мерзімдерге сәйкес, талапқа сай өткізу шаралары қабылдансын:
9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында бекітілген мерзімдерге сәйкес өткізілсін:
 - 1) Қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;
 - 3) Орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;
 - 4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым.
- 3) 2023-2024 оқу жылын аяқтау, аралық, қорытынды емтихандарын өткізу, академиялық адалдықты қамтамасыз ету іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің жоғарыда берілген бұйрықтарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылуын қадағалауды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Б.Қарабатыроваға міндеттеймін.
- 4) Қаракемер мектеп-балабақшасында 24 мамыр күні «Білімім –Отаным» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын, 25 мамыр күні оқу жылының аяқталуына арналған мектеп түлектері үшін «Мектебім саған мың алғыс» шарасын



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көш 1, тел: 73-2-00
030900, Актобинская область, Уилский район, село Каракемер, ул. Ынтымақтастық 1, тел: 73-2-00
e-mail: karakemer.mbb@mail.ru

Бұйрық №6

Орта білім беру ұйымдарында қорытынды
аттестаттауды өткізу туралы

22 қаңтар 2024 жыл

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығын (2023 жылдың 13 сәуірдегі №96 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізге ала отырып бұйрамын:

1. Мектеп – балабақшаның 9 класс білім алушыларына және олардың ата - аналарына қорытынды аттестаттаудың нұсқаулығын таныстыруды мектеп – балабақша директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Б.Қарабатыроваға және класс жетекшісі М.А.Жұмағалиеваға міндеттеймін.
2. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (2019 жылдың 26 қарашадағы №509 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) 9 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау келесі нысандарда өткізілсін:
 1. Ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқу тілі бойынша жазба жұмыс (эссе));
 2. Математикадан жазбаша емтихан (алгебра);
 3. Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан;
 4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқытылу тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика);
3. 9 класс білім алушыларын қорытынды аттестаттауды өткізу үшін төмендегідей комиссия құрылсын:

Аттестаттау комиссиясының төрайымы – Б.М.Ескалиева – мектеп директоры;
Аттестаттау комиссиясының мүшелері: Ұ.Б.Қарабатырова – ОІЖО;
М.А.Жұмағалиева - қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалім;
Т.А.Сағызбаева – орыс тілі пәнінің мұғалім;
Н.Н.Нурекеш – биология пәнінің мұғалім;
А.Е.Жеңісова –математика пәнінің мұғалім;
Г.Қ.Досқалиева- география пәнінің мұғалім;
Г.Б.Жұрымбаева- қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалім;
А.Қ.Оспанова- қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалім;



4. Аттестаттау материалдарын жинақтап, хаттамаларын аудандық білім бөліміне тапсыруды Ұ.Б.Қарабатыроваға міндеттеймін.

5. Емтихан жұмыстарының сақталуы мен құпиялылығына жауапты және осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп – балабақша директоры :  Б.М.Ескалиева





Бекітемін: 
Қаракемер мектеп-балабақша
директоры: Б.М.Ескалиева
« 02 » мамыр 2024 жыл


Келісемін: 
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімі басшысы: С.Т.Меруенов
« 02 » мамыр 2024 жыл

Қаракемер мектеп-балабақшасы бойынша 2023-2024 оқу жылындағы 9- класс оқушыларын қорытынды аттестаттау кестесі

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: Б.М.Ескалиева

№	пәндері	түрі	емтихан алушы	ассистенттер	күні	уақыты	кабинет
1	Қазақ тілі	жазбаша	Г.Жұрымбаева	А.Оспанова М.Жұмағалиева	29.05.2024 ж	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	№6
2	Математика (алгебра)	жазбаша	А.Жеңісова	Б.Ескалиева У.Қарабатырова	03.03.2024 ж	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	№6
3	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	Т.Сағызбаева	Ә.Бақытова М.Жұмағалиева	06.06.2022 ж	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	№6
4	География	жазбаша	Г.Досқалиева	У.Қарабатырова М.Жұмағалиева	10.06.2022 ж	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	№6
5	Биология	жазбаша	Н.Нурекеш	Б.Ескалиева Ә.Бақытова	10.06.2022 ж	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	№6

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:  У.Б.Қарабатырова

